



Президент Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдады

Мемлекет басшысы биылғы бірінші жартыжылдықтағы агроөнеркәсіп кешенінің даму қорытындысы туралы есепті тыңдады. Президентке егістік алқаптарын әртараптандыру, шаруаларға жеңілдетілген несиелер беру тетігін арттыру, ауыл шаруашылық техникалары лизингін дамыту жұмыстары жайында мәлімет берілді.

Айдарбек Сапаров агроөнеркәсіп кешеніндегі өңделген өнім көлемін 70 пайызға дейін арттыруға бағытталған шаралар қолға алынғанын баяндады. 2026 жылдың алты айында тағам өнімдерін өндіру 14,7 пайызға ұлғайды. Ауыл шаруашылығының нақты көлеміндегі 4,4 пайызға, соның ішінде егін-7,7 пайызға, мал шаруашылығы 4,4 пайызға өсті.

Сонымен қатар экспорт көлемі мен шетелге шығарылатын өнім түрлері де көбейіп келеді. Биылғы қаңтар-сәуір айларында АӨК өнімдерінің экспорты 3 миллиард долларды

құрады, бұл былтырғы сәйкес кезең көрсеткішімен (2,2 миллиард доллар) салыстырғанда 36 пайызға артық. Жыл соңына қарай экспорт көлемін 7,2 миллиард долларға дейін ұлғайту жоспарланған.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында қабылданған Мал шаруашылығын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жүзеге асырылуы туралы ақпарат берді. Барлық санаттағы шаруашылықтарды қамтитын жеңілдікпен қаржыландыру жүйесі қалыптасты. Қабылданған шаралар мал басын көбейтуді, саланың өнімділігін көтеруді және өнімдерінің экспортын арттыруды көздейді. Жайылымдық мал шаруашылығын ілгерілетуге ерекше назар аударылып отыр.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында 2030 жылға дейін ветеринарияны дамыту жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Оның аясында ветери-

нарлық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру, саланы қосымша қаржыландыру және нормативтік-құқықтық базаны жаңарту қарастырылған. Агроөнеркәсіп кешенін цифрлық тұрғыдан трансформациялау жалғасуда. «Е-АӨК» бірыңғай цифрлық платформасы базасында мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен жаңа цифрлық сервисер біріктіріліп жатыр.

Болжамға сәйкес, жыл соңына дейін ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 5,9 пайызға артады. Тағам өнімдері өндірісін 9,5 пайызға, сусын өндірісін 10,5 пайызға ұлғайту көзделген. Саладағы негізгі капиталға 2,2 триллион теңге инвестиция салынбақ.

Кездесу соңында Президент ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, қосылған құны жоғары өндірісті жандандыру, экспорттық әлеуетті кеңейту және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

№41 08.07.2026 ж

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс қырық екінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс қырық екінші сессиясы 2026 жылғы 15 шілде, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

О.Жәмиев,
Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс қырық екінші сессиясы 2026 жылғы 15 шілде, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 15 шілде, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2026 жылғы 15 шілде, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №240 «2026-2028 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

О.Жәмиев,
Созақ аудандық мәслихатының төрағасы.

Трансшекаралық сот төрелігі нығаяды

Бас прокурор Берік Асылыов Әбу-Даби сот департаменті басшысының орынбасары Юсеф әл-Абри бастаған Біріккен Араб Әмірліктері делегациясымен кездесу өткізді. Жиынға еліміздегі БАӘ елшісі Мохамед Саид Альарики, Әбу-Даби Бас прокуроры Әли әл-Блоши, Әбу-Даби сот қадағалау басқармасының басшысы Әли әл-Шаер қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстанды құру, Заң мен тәртіп қағидатын орнықтыру, адам құқығын жан-жақты қорғау жөніндегі стратегиялық бағытына сәйкес құқықтық және сот салаларында өзара іс-қимылды дамыту жүйелі жүзеге асырылып келеді. Еліміз Таяу Шығыстағы маңызды серіктесінің бірі – БАӘ-мен ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік экономикалық, инвестициялық және құқықтық бағыттарда белсенді дамып жатыр.

Кездесу барысында БАӘ өкілдеріне еліміздегі прокуратура органдарының негізгі міндеттері, қызметінің басым бағыттары мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы атқарылып жатқан жұмысы таныстырылды.

Тараптар екіжақты ынтымақтастықты күшейту аясында заң үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқығын қорғау, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша іздеуде жүрген адамдарды беру мәселелерін талқылады. Бұл – қылмыстық жауаптылықтың бұлтартпастығын қамта-



масыз етудің және екі ел азаматтарының заңды мүддесін қорғаудың маңызды тетігі саналады.

Бұдан бөлек, шетелдік әріптестерге Бас прокуратураның цифрлық трансформациясының деңгейі мен оның негізгі нәтижелері таныстырылды. Оның көмегімен прокуратура органдары цифрлық есепке алудан құқық бұзушылық тәуекелдерін алдын ала болжау, талдау мен олардың алдын алу құралдарына көшті.

– Бүгінде қылмыстық істердің 94%-ы арызды тіркеуден бастап сот үкімін орындауға дейін электрондық форматта жүргізіледі. Іс жүзінде сот төрелігі то-

лықтай цифрлық жүйеге көшіріліп жатыр. Сонымен қатар әкімшілік іс жүргізу, бизнесті қорғау, азаматтардың өтініштерін қарау мен басқа да бағыттар толық цифрландырылған, – деді қадағалау органының басшысы.

Мәселен, қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың 300-ден астам ақпараттық базасымен интеграцияланған 7 ведомствоаралық IT-жүйе жұмыс істейді. Қазақтелекоммен бірлесе республикада алаяқтардың қоңырауларын анықтап, тоқтатуға бағытталған Антиколл-орталық іске қосылды. Бір жыл ішінде оның көмегімен 1 миллионнан астам күмәнді қоңырау бұғатталды. Қабылданған ша-

ралар қылмыс деңгейін төмендетуге оң ықпал етіп жатыр.

Бас прокуратураның цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу бағытындағы тәжірибесі шетелдік әріптестер тарапынан жоғары бағаланды. Кездесу екі елдің құқық қорғау және сот органдары арасындағы өзара сенімнің жоғары деңгейін көрсетті.

Қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстан мен БАӘ азаматтарының мүддесі үшін трансшекаралық сот төрелігі тетіктерін одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, кейінгі үш жыл ішінде БАӘ Қазақстанға іздеуде жүрген 15 адамды тапсырды. Осылайша, қылмыскерлерді беру, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мен инвесторлардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жалғасып келеді.

– Қазіргі заманда қылмыскер үшін қауіпсіз орын жоқ. Қазақстан барлық халықаралық серіктестерімен заң үстемдігі мен адам құқығын қорғау қағидаттары негізінде өзара іс-қимыл орнатып жатыр. Прокуратура органдары халықаралық деңгейде еліміздің мүддесін қорғау және ел ішінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмысты күшейтті, – деді Б.Асылыов.

«Созақ үні»-ақпарат.